



БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Кейінгі Орта ғасыр логикасы





Мақсат – Оккам, Берли, Уиклиф және кейінгі Орта ғасырдың басқа да ойшылдар философиясындағы логика мәселелерін талдау.

Жоспар

«Modistic logic».

Оккамның менталды тілі.

Уолтер Берли және Джон Уиклиф.

Лёвен университетіндегі үшмәнді логика.

Түйін сөздер

«Modistic logic», «terminist logic», «modi significandi», «virtus sermonis», менталды тіл, суппозиция теориясы, шартты суппозиция, үш мәнді логика.

Дунс Скот формалды логикаға айтарлықтай үлес қосқан жоқ. Алайда оның күш пен потенциалдылықтың табиғаты жайындағы метафизикалық идеялары модалдық логикаға ұзақ уақыт ықпалын тигізген еді. Оған тиесілі деп есептелетін логика мен лингвистиканы қамтитын «Grammatica Speculativa» еңбегі ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарында болды. Мартин Хайдеггер докторлық диссертациясының тақырыбына осы еңбекті негіз етіп алады. Қазір ғалымдар бұл еңбек Скотқа емес, шамамен 1300 жылдары өмір сүрген оның аса танымал бола қоймаған замандасы Эрфурттық Томасқа тиесілі деуде.

Бұл еңбекте XIII ғасырдың соңындағы ойшылдардың бірқатары мен Радульфус Брито қабылдаған логиканың жаңа тәсілі баяндалғандықтан, оның маңызы арта түсті. Испандық Петр мен Уильям Шервудтың еңбектерінде кездесетін «terminist logic-ке» қарама-қарсы «modistic logic» пайда болды. Modistic логиктер жеке терминдердің қасиеттерін зерттеуге қарағанда, зат есім, етістік, септік және шақтарды білдірудің тәсілдерін немесе modi significandi деген атаулармен белгілі жалпы грамматикалық категорияларды зерттеді.

Modistic логиктер бойынша мағына адамдардың шарттары негізінде дыбыстарға «күштеп таңылған» немесе «орнатылған» дейді. Мағынаның бірегей элементін дикция деп атады. Бір дикция көптеген әртүрлі ауызша формаларды қамтуы мүмкін. Мысалы, латын тіліндегі зат есімдердің септелуі және солармен байланысты сын есімдер мен үстеулердің тіркесі. Дикцияның ең жиі айтылатын мысалы ауыру етістігі еді. Олар әртүрлі септеулік жалғанған «ауыру» зат есімін, «ауруды сезінуді білдіретін» етістігін, «күйзелуді білдіретін» үстеуін қамтиды. Modists «ауыру» сөзінің дикциясын түзудің негізгі шартын күштеп таңу деп атады. Одан кейінгі шарттар сөздің әртүрлі формаларын қолданудың әртүрлі түрлерімен байланыстыратын білдірудің тәсілдерін modi significandi түзді.

Кейбір modi significandi басқаларына қарағанда маңыздырақ болды. Олардың кейбіреуі сөзді ерекше сөз табы, мысалы, зат есім немесе етістік ретінде анықтады. Басқа біреуі оларға септік, түр, шақ немесе рай секілді ерекшеліктерді үстеді. Сауатты сөйлем құруға қандай сөздер қандай modi significandi тәсілдерімен байланыса алатынын анықтау үшін қиындатылған ережелер қалыптастырылды. Жалпы алғанда, modi significandi синтаксистің зерттеу нысаны болды деп те айта аламыз. Ал семантиканың нысаны ratio significandi немесе бірінші күштеп таңудың берген қатынастарын анықтау деп айтуға болады. Дегенмен теоретикалық грамматистер немесе modists – мағынаны білдіретін тәсілдермен байланысты семантикалық элементтерге талпынды. Сөйлемнің мағынасы ratio және modi тіркесі арқылы орнатылады: бұл – оның формалды мағынасы, ал тілдегі мағынасы virtus sermonis немесе сөздегі мазмұнға сай ақиқат деп аталды. Заманауи терминологияда біз мұны оның лексикалық мағынасы немесе сөздікте анықталған мағынасы деп атауымызға болады.

Спекулятивті грамматистер «modistic logic» дамытуға талпынды, бірақ ойшылдардың кейінгі буыны «terminist logic» қайта жандандырумен айналысты. Олар мағына және мағынаны білдіру ара қатынасы сұрақтарымен айналысуға мүмкіндік алды.

XXIV ғасырда «terminist logic» ең басты өкілдерінің бірі Уильям Оккам болды. Ол жаңа жүйені ұсынды. Ол – реалист емес, номиналистік болып табылатын «terminist logic». Барлық белгілер жеке заттарды көрсетеді, деді Оккам. Себебі әлемде оларды көрсете алатын әмбебап ұғымдар жоқ. Ол, универсалия жеке адамдарда тіршілік ететін шынайы ортақ болмыс, деген идеяға қарсы метафизикалық дәлелдерді ұсынды. Жеке адамдар универсалиялардан құралса, ешбір



жеке адам жоқтан пайда бола алмайды, себебі оның универсалиясы одан бұрын бар болар еді. Екінші жағынан, Құдай адамның көзін жойса, бір мезгілде барлық адамдарды олардың ортақ болмысын құрту арқылы жояр еді.

Әмбебап, дара зат және мағынасы арқылы, яғни көп нәрсенің жалғыз белгісі болу арқылы ғана әмбебап болады. Универсалияның табиғи және шартты деген екі түрі бар. Табиғи универсалия – біздің санамыздағы ой; шартты белгілер ойларды жеткізу және көп нәрсені білдіру үшін нақтылап айтылған сөздер.

Оккам менталды ұғымдарды тіл жүйесін қалыптастырушы ретінде қарастырды. Ауызша, шартты, ағылшын және латын сияқты тілдер болумен қатар, бүкіл адамдардың ортақ, табиғи тілі бар. Жергілікті тілдер өз мәнін осы әмбебап тілден алады. Менталды тіл модистер зерттеген кейбір грамматикалық ерекшеліктерді қамтиды. Осылайша, менталды тілде зат есімдер мен етістіктер бар, ал есімдіктер мен демеуліктер жоқ. Зат есімдер септік және жекеше, көпше түрге өзгереді, ал етістіктердің етістері мен шақтары бар, бірақ латын грамматикасындағыдай зат есімдердің әртүрлі септелуі және етістіктердің жіктелулері жоқ. Латын тіліндегі екі сөйлем немесе әртүрлі тілдердегі екі сөйлем бір-бірінің синонимі болса, Оккамның айтуы бойынша, олар санада екеу емес бір элементке сәйкес келеді. Осы арқылы санада синонимия деген ұғым жоқ екенін түсінеміз.

Кейінгі ғасырларда өзге логиктер қос мәнділік пен «шектен шықпайтын» мінсіз тілдерді жасауға тырысты. Қазіргі кездегі формалды логиканы табиғи тілдің фрагменттерінің идеализациясы ретінде қарастыруға болады. Мәселен, «және», «немесе» және «егер» тәрізді пропозициялы жалғаулықтар, «барлығы» және «кейбіреуі» тәрізді сандық көрсеткіштер және шақ пен райға қатысты әртүрлі тіркестер. Оккамның ортағасырлық латын тілінің идиомалық ерекшеліктерін сананың әмбебап тіліне көшіруге дайын екеніне қарамастан, ол табиғи тілге формалды логиканы қолдануға негізделген тілді мінсіз етіп көрсеткен алғашқы ғалым болғаны үшін құрметке лайық.

Логик табиғи тілдің ерекшеліктерінің көп мағыналылығына және түсінбестікке апаратынына көңіл аудару үшін салыстыру нысаны ретінде мінсіз тіл құрастыруы мүмкін. Сонымен қатар, ортағасырлық логиктер болсын, қазіргі логиктер болсын мінсіз тілдің біздің табиғи тілімізде бар екенін және онда күнделікті қарым-қатынасымыздағы сөздерді қолдану тәсілінің мәнділігінің түпкілікті түсіндірмесі қамтылатынын мойындауы мүмкін. Оккамның көздегені осы болса, оның менталды тілді ойлап табуы бекер болған. Себебі оның ешқандай түсіндіретін мақсаты жоқ. Бірінші орында, ауызша және жазбаша зат есімдерге қатысты менталды болмыстардың табиғаты жайлы мәселе бар. Оккамның өзі осы туралы көп ойланған. Ол бастапқыда ойдағы бейнелер және түсініктер менталды тілдің атауларымен бірдей деп пайымдады. Бұлар – сананың туындылары, яғни менталды пропозициялардағы элементтер ретінде қызмет ететін қиялдар. Қиялдардың көптеген түрлі нәрсемен ұқсастығы бар болғандықтан универсалия бола алады.

Осы қиялдардың мәртебесі қандай? Бұл кезеңде Оккам олардың шынайы тіршілігі жоқтығына, сондай-ақ өзі оларды «объективті тіршілік» деп атап, оларды ой нысаны ретінде тіршілік етеді дегенге сендіреді. Әлемде, шынында да, бар заттар туралы қиялдар ғана емес, әдеттегі ойдан шығарылған химералар туралы қиялдар бар. Бір ойды ойлаған кезде екі нәрсені ажыратуымыз керек, олар – біздің ойлау әрекетіміз және біз ойлайтын зат, яғни біздің ойымыздың мазмұны немесе нысаны. Соңғысы қиял болып саналады және менталды пропозицияда термин ретінде сипатталады. Кейінірек Оккам бұл өзгешелікті жалған деп қарастыра бастады. Ойдың нысандарын шартсыз қабылдаудың еш қажеттілігі жоқ: менталды тілді қолдауы керек бірден-бір элементтер – ойдың өздері. Менің химера туралы ойымның нағыз химерадан ерекшелігі – оның шынайы болмыс болуында. Ол – менің жанымның уақытша сипаты, менің психологиялық тарихымдағы бірлік. Менталды атаулар менталды сөйлемдерде кездескенде, олар сөйлемде ойлаудағы элементтер тәрізді болады. Оккам олардың сөйлемді ойлау үдерісінде бір ізді кезең бе, әлде бір мезгілде болатын ойлар жиынтығы ма немесе жалғыз күрделі ой ма, мұны анықтамаған көрінеді.

Оккамның номинализмі, испандық Петр сияқты, алғашқы логиктердің еңбегіндегі суппозиция теориясын өзгерту керектігін білдіреді. Оккам суппозицияның қарапайым суппозиция және жеке суппозиция сияқты негізгі формаларына жаңаша анықтама берді.



Қарапайым суппозиция өзі білдіретін мағынаға ие сөз ретінде анықталады. Бұл «Адам ажалды» сияқты сөйлемде «адам» субъектісі универсалия ретінде шығады. Бірақ Оккамның пайымдауынша, жай суппозиция сөз менталды болмысты білдіргенде пайда болады. Мысалы, «Адам – түр» сөйлемінде «адам» менталды терминді, осы түр бола алатын нәрсенің жалғыз типін білдіреді. Бұл өзі көрсететін нәрсені білдіретін сөз емес, себебі «адам» термині жеке адамдардан басқа ештеңені білдірмейді.

Жеке суппозицияда термин өзі көрсететін мағынаны білдіретіні рас. «Әрбір адам – жануар» сөйлемінде «адам» сөзі өзі көрсететін нәрсені білдіреді. Себебі адамдар – өзі көрсететін тап сол нәрсе оларға ортақ нәрсе емес, сол адамдардың нақ өздері. Бірақ әлемдегі ешбір нәрсені білдірмейтін термин де жеке суппозиция болуы мүмкін.

Оккам үшін жеке суппозиция бастапқы болып саналады және ол субъектілерге де, предикаттарға да қатысты қолданылады. Мәселен, Петр, Павел және Иоанн – барлығы адам болса, онда «Әрбір адам ажал құшады» және «Әрбір Апостол – адам» сөйлемдеріндегі «адам» сөзі Петр, Павел және Иоанның орнына қолданыла алады. Бірінші сөйлем «Петр, Павел және Иоанн ажал құшады» сөйлеміне баламалы және екінші «Әрбір апостол – Петр, Павел немесе Иоанн» сөйлеміне балама деген мағынаны береді. Басқа сөзбен айтқанда, жалпы термин бірінші жағдайда жалғаулық есебінде, екіншісінде ажыратушы есебінде жалқы есімдердің тізіміне енеді.

Оккам суппозиция ұғымын шындықты анықтау үшін қолданады. «Сократ – адам» сияқты пропозиция «Сократ» субъектілік термині және предикат термині бір нәрсені білдірсе ғана шындық болады. Мұны кейде шындықтың екі жақты теориясы деп атайды. Оккамның теориясы аздап күрделірек, өйткені Оккам үшін жалпы термин жалқы есім болып табылмайды. Бірақ жалқы есімдер тізіміне сайма-сай келеді. Және пропозициялар ақиқат болуы үшін, бірдей жалқы есім субъектілер тізімінде де, предикаттар тізімінде де кездесуі тиіс.

Қарапайым екі атауы бар теорияны бұзу оңай екенін көрсетуге болады, – дейді Кенни. Сократ «Сократ» және «Философ» деп атала алатындықтан, «Сократ – философ» сөйлемі шындық болса, «Сократ ит емес» деген сөйлемнің шынайы шарттарын түсіндіру оңай емес екенін көреміз. «Ит» Сократтың атауы еместігін білу үшін бұл атаудың не екенін білуіміз керек және «Қай ит Сократ бола алмайды?» деген сұраққа жауап жоқ сияқты. Оккамның әлдеқайда күрделі теориясында бұл күрделі мәселенің жауабы бар: «Ит» сөзіне сәйкес келетін тізімнің және «Сократқа» сәйкес келетін біртармақты тізімнің ортақ термині жоқ. Бірақ мұнда біз тағы бір қиындыққа тап боламыз. Егер әрбір жалпы термин жалқы есімдердің тізімінің қысқартылған формасы болса, әрбір пікір міндетті түрде шындық немесе міндетті түрде жалған болуы керек. «Сократ – адам» деген, әрине, жай ғана кездейсоқ пайымдау емес. Егер бұл «Сократ – не Сократ, не Платон немесе Аристотель» дегенді білдірсе, онда тап солай болып шығар еді».

Оккам әртүрлі пропозициялар арасындағы логикалық байланыстарға аса үлкен мағына берді. Ол он төртінші ғасырда consequentia теориясы деп аталды. Ертерек кезеңдегі жазушылар сөзді «шартты пропозиция» мағынасында қолданды. Мысалы, «Егер Сократ адам болса, онда Сократ – жануар» сөйлемі consequentia құбылысына мысал бола алады. Мұнда «Сократ – адам» – антецедент, яғни алғышарт және «Сократ – жануар» – консеквент, яғни нәтиже.

Оккам «қазіргі консеквенттерді (немесенәтижелерді) жай консеквенттерден (нәтижелерден) ажыратудан бастайды. Оккам екінші айырмашылықты жарамдылыққа ауысады да, ішкі және жарамдылығы сыртқы салдар арасынан табады. Ақыры, Оккам материалдық және формалды салдардың ара жігін ажыратады. Оккам алуан түрлі тұжырымдарға қолданылатын ережелердің жинағын қалыптастырады. Олар:

1. Жалған болатын нәрсе шын болатын нәрседен туындамайды.
2. Шын болатын нәрсе жалған болатын нәрседен туындауы мүмкін.
3. Салдардан тарайтын әр нәрсе алғышарттан туындайды.
4. Алғышарттан туындаған әрбір нәрсе салдарға әкеп соқтырады.
5. Кездейсоқтық қажеттіліктен туындамайды.
6. Мүмкін емес мүмкіннен туындамайды.



Оккам ережелерінің көбі ертеректегі философтардың еңбектерінде кездеседі. Бірақ, ол ережелерді жүйелі түрде баяндаған алғашқы ғалым болды және кейінгі логиктер бұл ережелерді жалпылама түрде қабылдады.

Уолтер Берлидің «Логиканың таза өнері» еңбегінде салдар теориясы көбірек айтылады да, Аристотельдің силлогистикасы үстірт қарастырылады.

Берли салдардың түрлері арасындағы Оккам көрсеткен айырмашылықтарды қабылдайды және оған өзінің тармақтарын қосады. Ол Оккамның бастаған жұмысын жалғастырады. Бірақ салдар теориясынан ертеректегі терминдердің қасиеттері тақырыбына ауысқанда бұл жағдай өзгеше сипат алады. Берли Оккамның өз логикасына енгізген номинализмінен бас тартады. Мағына мен пропозиция теориясын оның дәстүрлі шынайы формасына жақын түрде қайта жаңғыртады.

Берли пропозицияның дәстүрлі теориясын қорғап қана қоймай, оны кеңейтеді. Оккам одан бұрын жасағандай, испандық Петр мен Уильям Шервудтың тізімінде жеке суппозицияның типтері қамтылмаған, дұрыс құрастырылған сөйлемдерді анықтады. Осындай сөйлемдердің бірі «Әрбір адам өзін жақсы көреді» болды. Берли мұндай сөйлемде «өзі» деген сөз жеке суппозицияның арнайы формасын көрсететінін айтады, яғни «өзі» сөзіне – жаңа және күрделі техникалық атау береді.

Оккам номинализмінің сыншысы ретінде Уолтер Берлидің орнын көп кешікпей Джон Уиклиф басты. Оның «Универсалиялар туралы» деген трактаты реализмді толық қорғап шықты. Уиклифтің ойынша, универсалиялар табиғатын түсінудің басты жолы – предикацияның табиғатын түсіну. Предикацияның ең айқын формасы – құрамында субъект пен предикат бар сөйлем бөліктері, немесе лингвистикалық элементтер ретінде тұрған предикациялар. Бұл предикацияның ең көп талқыланатын формасы және қазіргі заманғы авторлар одан басқа түрі жоқ деп есептейді. Іс жүзінде, Уиклифтің ұйғарымы бойынша, ол предикацияның басқа да түріне, «бөлінетін және көптеген ортақ нәрселерді айтатын» шынайы предикацияға негізделген.

Уиклифтің реализмге қатысты дәлелі қарапайым. Ол объективті шындыққа сенетін әрбір адам шынайы универсалияларда сенімді жақтайды деп санайды. Бір «А» жеке адам болса, басқа «Б» жеке адамына ұқсас ретінде қабылданады деп шамалайық. «А» «Б»-ны еске түсіретін қандай да бір «С» қатыстылығы болу керек. Бірақ «С» қатыстылығымен «А» «Б»-ны еске түсіретінін көру «А» мен «Б»-ның «С» екенін көру сияқты бір нәрсе. Бұл «А» мен «Б»-ға ортақ универсалияның «С»-лық тұжырымдамасын жобалайды. Сондықтан ұқсастық туралы пікір айта алатын әрбір адам универсалияның не екенін бірден біледі.

Уиклифтің дәлелі Оккамға қарағанда радикалды типтегі номинализмге көбірек бағытталған. Оккам жүйесінің «атаулары» қағазда таңбаланған жоқ және дыбысталып айтылған жоқ. Олар – менталды тілдегі терминдер болып табылады. Уиклиф Оккамның әлсіз тұсына дөп басады. Атап айтқанда, оның ойлап тапқан менталды тілінің терминдері мен шынайы өмірдегі нақты белгілер арасындағы байланыс туралы айқын жауап бере алмауын көрсетті. Оккам латын грамматикасының ерекшеліктерін түсіндіргенде оған менталды аналогті негізге алып түсіндіргенін сезінген тәрізді. Бірақ менталды тілдің кез келген түсіндіруші күші бар деп ойлаудың жалғыз себебі – оның іс-әрекеттері ақылдың елестер ортасында орын алатындығында. Уиклиф дене және қандағы дыбыстар, қалам және сия таңбалары туралы сөз қозғай отырып, бұқпаланған қисынсыздықты айқынддыққа айналдыратын Витгенштейннің философиялық әдісін сәуегейлікпен біліп, болжағандай.

Орта ғасырдағы соңғы зерттеулердің біршамасы үш мәнді логиканы тануға негізделді. Ақиқат пен жалған арасындағы үшінші мәннің болу мүмкіндігі Аристотельдің теңіз шайқасы туралы талқылауларының бірқатарында көрсетілген. Бір жағдайға қатысты бұл мәселе бүкіл Еуропада жанжал тудырды.

1465 жылы Левен университетіндегі өнер факультетінің мүшесі Питер де Риво студенттерінен мынадай сұрақты талқылауын өтінді: «Христос Әулие Петрге «Сен менен үш рет бас тартасың» деп айтқаннан кейін Петрде Христосты теріске шығармайтын күш болды ма?» – «Иә, болды, – деді Питер де Риво, – Бірақ Христостың бұл айтқаны, сол кезде шындық болды дегенді білдірмейді. Біз оның орнына осындай болжамдар шынайы да, өтірік те болған жоқ, бірақ шындықтың бейтарап үшінші мәні болды деп сенуіміз керек».



Бұл тұжырымдама теологиялық ортада ұзаққа созылған дау-дамайлардың туындауына себепші болды. Алайда бұл эпизод философия тарихында орта ғасыр мен Ренессанстың арасында айқын шекара орнатудың мүмкін еместігін сипаттайды, – деп жазады Кенни. 1474 жылы ерекше схоластикалық пікірталастарға араласып, айыптау үкімін шығарған Рим папасы болды. Ол Сикстиндік капеллаға өз есімін берген Ренессанс дәуірінің пардигмалды тұлғасы VI Сикст болатын.

Осылайша, біз Энтони Кенни еңбегінің үшінші тарауында талданған логика мәселелерін қарастырып болдық. Келесі дәрісімізде біз Орта ғасыр философиясындағы таным мәселелеріне назар аударамыз.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. «Modistic logic» пен «terminist logic» арасындағы айырмашылық неде?
2. «Modi significandi» ұғымының мәнін қалай түсінесіз?
3. Оккамның көзқарасы бойынша, тілдік жүйені қалыптастыратын нәрсе не?
4. Оккамның теориясында көрсетілген суппозициялардың екі негізгі түрлері өзара қалай ерекшеленеді?
5. Оккамның алуан түрлі тұжырымдарға қолданылатын ережелерінің жинағы қандай?
6. Уолтер Берли мен Джон Уиклиф Оккамның номинализмін не үшін сынады?
7. Уиклиф реализмді қорғау мақсатында қандай дәлелдер келтірді?
8. Үш мәнді логиканың басты мәні неде және философия тарихында үш мәнді логика тақырыбы қалай дамыды?

Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. Шадрин Д. А. Логика. Конспект лекций: Учебное пособие. – М.: ЭКСМО, 2008. – 160 с.
5. Многоликая софистика: нелегитимная аргументация в интеллектуальной культуре Европы Средних веков и раннего Нового времени [Текст] / отв. ред. П. В. Соколов. – М., 2015.